

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 ж. «01» 09

№ 71/4

«Кенес беру пунктiнiң 2023/2024 оқу жылындағы жұмысы туралы»

«Бiлiм туралы» ҚР Заңына және Мектепке дейiнгi ұйымдар қызметiнiң үлгiлiк қағидаларына сәйкес бұйырамын:

1. Баласы мектепке дейiнгi оқумен қамтылмаған ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету үшiн 10 қаңтар 2023 ж. бастап «№11 Гауһар балабақшасы» МКҚК кеңес беру пунктi ашылды.

2. Мектепке дейiнгi бiлiм беру ұйымдарында ашылатын консультативтiк пункт кеңесiнiң мүшелерi қызметкерлердiң ауысуына байланысты 01.09.2023 жылдан бастап қайта құруды бұйырамын:

- Әдiскер- Айнур Амангелдиевна Амирханова
- Медбике- Гульдерайым Кайратовна Алдажарова
- Хатшы- Айгели Темирбековна Жартыбаева

3. Мектепке дейiнгi ұйымға бармайтын ерте жастағы балалардың ата-аналарына арналған кеңес беру пунктiн ашу жөнiндегi нұсқаулық бекiтiлсiн.

4. Кеңес беру пунктiнiң 2023/2024 оқу жылындағы «Мектепке дейiнгi бiлiм берумен қамтылған» ерте жастағы балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пунктiң жұмыс жоспары бекiтiлсiн.

5. Кеңес беру пунктiнiң 2023/2024 оқу жылындағы консультациялық пунктке келетiн балалардың ата-аналардың (заңды өкiлдерiн) тiркеу журналы бекiтiлсiн.

6. Кеңес беру пунктiнiң жұмысы туралы ақпаратты балабақша сайтына жариялап, ата-аналар бұрышына iлiнiз.

7. Консультациялық пунктке келетiн балалардың ата-аналардың (заңды өкiлдерiн) өтiнiштерiн есепке алу журналы бекiтiлсiн

8. Осы бұйрықтың орындалуын өзiм бақылауыммен

Меңгерушi



Т.Бектасқызы



Бектесім  
№11 «Гауһар» балабақшасы МКҚК  
менгерушісі Г.Бектасқызы  
« 10 » 2023



**Ата-аналарға және отбасы жағдайында тәрбиеленетін балаларға  
арналған консультациялық пункт туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Отбасы жағдайында тәрбиеленетін балалар ата-аналарына (занды өкілдеріне) арналған консультациялық пункт сайтта және мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын Астана қаласы әкімдігі №11 «Гауһар» балабақшасы МКҚК-да ұйымдастырылады.

1.2. Консультациялық пункт мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру мекемесінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.3. Консультациялық пункт ата-аналар (занды өкілдеріне) және білім беру мекемесіне бармайтын балалар үшін жасалады.

1.4. Осы ереже мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде (бұдан әрі - МДБМ) жұмыс істейтін Консультациялық пункттер қызметтерін реттейді.

1.5. Консультациялық пункт мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі мен дамуында отбасыға көмек көрсету нысандарының бірі болып табылады.

**2. Консультациялық пункттің жұмыс істеу мақсаттары мен міндеттері**

2.1. Консультациялық пунктті отбасы мен қоғамдық тәрбиенің бірлігін және келісімдігін қамтамасыз ету, ата-аналарға (занды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, білім беру мекемелеріне бармайтын балалардың жан-жақты дамуына демеу болу мақсатында құрылады.

2.2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:

МДБМ бармайтын балалардың дамуы үшін жағдайды қамтамасыз етуде, ата-аналарға (занды өкілдеріне) жан-жақты көмек көрсету;

Мектеп жасына дейінгі баланың тәрбиесі, оқытуы мен дамуының әртүрлі мәселелері жөнінде ата-аналарға жан-жақты көмек көрсету;



МДБМ бармайтын, мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтенуіне көмек көрсету;

МДБМ және балалар мен ата-аналарға (занды өкілдеріне) әлеуметтік және медициналық жәрдем беретін өзге де ұйымдар арасында өзара әрекеттестік қамтамасыз ету болып табылады.

### **3. Консультациялық пункт қызметін ұйымдастыру**

3.1. Сайтта және МДБМ-де қажетті консультациялар, ата-аналар (занды өкілдерінің) сұранысы бойынша жеке және топтық консультациялар беру, жазбаша өтініш, телефонмен хабарласу, білім беру мекемесі сайтының жұмысын ұйымдастыру арқылы және т.б. бойынша сырттай консультациялар ұйымдастыру - консультациялық пункт қызметінің негізгі нысандары болып табылады.

3.2. Консультациялық пункт ата-аналарға (занды өкілдеріне) өзінің консультациялық көмегін мынадай мәселелер бойынша жүзеге асыра алады:

Балалардың жас және психикалық ерекшеліктері;

Мектепте оқуға дайындық;

МДБМ-не бармайтын, мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу бұзылуын алдын алу;

Балалардың шынығуы мен сауықтыруы үшін жағдай жасау.

3.3. Консультациялық пункт консультация түрінде сайтқа жаңа ақпарат орналастырады және әр апта сайын мына телефондар: 40-92-93; 40-92-35 бойынша хабарласып, керекті ақпаратты алып немесе өз проблеманыңды хабарлауыңызға болады.

3.4. Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру мамандар: әдіскер, басшы, медициналық қызметкер, психолог (жантанушы) қызметтерінің бірлестігі негізінде құрылады.

Ата-аналарға консультация беру бір немесе бірнеше өкілдерімен бір уақытта өткізілуі мүмкін.

3.5. Консультациялық пункттің қызметін белгілеу үшін мынадай құжаттарды жүргізу қажет:

Консультациялық пункттің жұмыс жоспары;

МДБМ басшысымен бекітілген Консультациялық пункттің жұмыс кестесі.

*Бұйрыққа қосымша 1*

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

Астана қаласының Білім басқармасы



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА АТА-АНАЛАРҒА  
АРНАЛҒАН КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2023 ж.

*Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункт ұйымдастыру мәселелерін қамтиды.*

*Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым басшыларына, әдіскерлеріне, педагогтеріне және ата-аналар қауымдастығына арналған.*

## **КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕР**

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға, сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік және консультациялық көмек көрсету жөніндегі консультациялық пункт қала аумағында мектепке дейінгі білім берудің (бұдан әрі - МДҰ) қолжетімділігін, отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

### **2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:**

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) баланы оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыратын консультациялық көмек көрсету;

- мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы проблемаларды тану, диагностикалау;

- мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) көмек көрсету;

- ата-аналарды (заңды өкілдерді) балаға оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсететін білім беру жүйесінің ұйымдары туралы хабардар ету.

### **3. Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру қағидаттары:**

- кұпиялылық қағидаты: баланың және оның отбасының ерекшеліктері туралы ақпарат ата-анасының келісімінсіз жария етілмейді;

- кешенділік қағидаты: ата-аналармен жұмысты әртүрлі бейіндегі мамандар тобы жүзеге асырады;

- ғылымилық қағидаты: мектепке дейінгі ұйым ұсынатын ақпарат сенімді/расталған болуы керек;

- қолжетімділік қағидаты: ата-аналарға арналған барлық ақпарат артық терминологияны қолданбай қол жетімді түрде беріледі.

### **4. Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру**

4.1. МДҰ базасындағы консультациялық пункт қалалық Білім басқармасының бұйрығы негізінде балабақша меңгерушісінің ішкі бұйрығымен өрт қауіпсіздігі ережелерін, санитарлық-гигиеналық

нормаларды сақтай отырып, кадрлық, қажетті бағдарламалық-әдістемелік материалдарды ете отырып құрылады және мектепке дейінгі ұйымның Жарғысында көрсетіледі.

4.2. Консультациялық пункт МДҰ меңгерушісінің бұйрығымен бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

4.3. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) тікелей жұмысты консультативтік пункт мамандары (штат кестесіне сәйкес логопед, педагог-психолог, тәрбиешілер, музыкалық жетекші, дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы, әдіскер және басқа да қызметкерлер) жүзеге асыра алады.

4.4. Мамандар ата-аналарға (заңды өкілдерге) ұсынымдар береді және оларға өз құзыреті шегінде консультация береді. Көмек тегін көрсетіледі. Ата-аналар (заңды өкілдер) алғашқы жүгінген кезде консультация ала алады немесе мектепке дейінгі ұйымның нақты қызметкерімен кездесу туралы келісе алады.

4.5. Ауызша консультациялардан басқа ата-ана (заңды өкіл) баспа (буклеттер, жадынамалар, практикалық материалдарды іріктеу) және электрондық тасығыштарда (фото және бейнематериалдар, флэш-карталар, балабақша сайтына кіру) пайдалы ақпарат алады.

4.6. Консультациялық пункт мамандарының жұмыс режимін МДҰ жұмыс режиміне сүйене отырып, меңгеруші дербес айқындайды.

4.7. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастырудың негізгі нысандары:

- жеке және кіші топтық кеңестер;
- семинар-практикумдар;
- дөңгелек үстелдер;
- мәлімделген мәселе бойынша тақырыптық сабақтар;
- пікірталастар;
- тренингтер;
- ашық сабақтар.

4.8. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) топтық сабақтардың жиілігі айына 1 рет, жеке сабақтардың жиілігі белгіленген кестеге сәйкес ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттілігіне қарай айқындалады. Ата-аналарға кеңес беру ұзақтығы 30 минутқа дейін.

4.9. Кіші топтық сабақтардың болжамды тақырыбын балабақша мамандары анықтайды, бірақ ата-аналардың сұраныстарына сәйкес өзгеруі мүмкін.

## **5. Консультациялық пунктке басшылық ету**

5.1. Консультациялық пунктке жалпы басшылықты МДҰ меңгерушісі жүзеге асырады.

5.2. МДҰ меңгерушісі:

- ата-аналармен консультациялық жұмыс жүргізу үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді;
- кеңес беру жұмысы үшін педагогтерді таңдайды.

## **6. Консультациялық пункт қызметінің негізгі мазмұны**

6.1. Консультациялық пунктте ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру МДҰ мамандарының қызметін кіріктіру негізінде құрылады.

6.2. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізе алады.

6.3. Консультациялық пунктте ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған консультациялар, теориялық және практикалық семинарлар ұйымдастырылуы мүмкін.

6.4. Консультациялық қызмет келесідей мәселелерді:

- балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктерін;
- ерте жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту ерекшеліктерін;
- ерте жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алуды;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму бұзылыстарын түзету және дамытуды;
- балаларды әлеуметтендіруді;
- балаларды балабақшаға барған кезде бейімдеуді;
- дамыту бағдарламасын таңдауды;
- ойын әрекетін ұйымдастыруды;
- балалардың тамақтануын ұйымдастыруды;
- балаларды шынықтыру және сауықтыру үшін жағдай жасауды;
- балаға жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсете алатын білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау жүйесі ұйымдары туралы ақпарат беруді қамтиды.

## **7. Консультациялық пункттің құжаттамасы**

7.1. Консультациялық пункттер көрсетілген әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, диагностикалық және консультациялық көмектің есебін жүргізеді (кесте, жұмыс жоспары, консультациялық пункт жұмысын есепке алу журналы, мектепке дейінгі жастағы балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға психологиялық-педагогикалық көмекке консультативтік пунктіне баратын ата-аналарды (заңды өкілдерді) тіркеу журналы);

7.2. Консультациялық пунктіндегі ата-аналардың өтініштерін есепке алу журналында мамандар қабылдаған күні, уақыты, тақырыбы, сұрақтары, кеңес берушінің аты-жөні және маманның ұсыныстары көрсетіледі.

7.3. Консультациялық пункттің қызметі туралы есеп жылына 2 рет әзірленеді және ағымдағы жылдың 30 маусымы мен 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Білім басқармасына (әдістемелік бөлімге) жолданады.

## 8. Консультациялық пункттің жұмысын бағалау критерийлері

Консультативтік пункт жұмысының нәтижелілігін бағалауды және анықтауды ата-аналар әрбір кездесуден кейін жүзеге асырады, ол үшін ата-аналарға сауалнаманы толтыру ұсынылады (сауалнамаға арналған сұрақтарды мамандар дербес дайындайды). Сауалнама деректері бойынша жылдың соңында қорытынды шығарылады.

*1 Қосымша*

### Мамандардың консультациялық пунктіне ата-аналардың (заңды өкілдің) өтініштерін есепке алу журналы (мектепке дейінгі ұйымның атауы)

№ р/н	Консультацияны өткізу күні, уақыты	Консультацияның сұрағы/тақырыбы	Консультация өткізу нысаны	Консультанттың т. а. ә., лауазымы	Консультация барысында ұсынылған ұсынымдар

*2 Қосымша*

### Мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттің жұмыс жоспары

№ р/н	Тақырыбы	Өткізу формасы	Консультанттың т. а. ә., лауазымы	Өткізу уақыты



**Консультациялық пункттің жұмыс кестесі**

№ р/н	Тегі, Аты, Әкесінің Аты	Лауазымы, санат	Қабылдау уақыты